

№ 82 Б.Наметов атындағы негізгі орта мектеп
"Қамқоршылық кеңесі"
Хаттама № 7

Ақсу ауылы

08.01.2022 ж

"Қамқоршылық" кеңесінің кезектегі жиналысы

Қамқоршылық кеңес мүшелері - 9
Мектеп әкімшілігі - 2

Күн тәртібінде

1. "Қамқорлық" акциясының өту барысы
2. Білім беру процесінде электронды журнал толтырылуы, сабақтардың жүргізілуі және бағалау, БЖБ, ТЖБ лардың нәтижелері
3. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен байланысуға көмектесу
4. Мектеп директоры "Қамқоршылық кеңес " алдындағы есебі

Бірінші мәселе бойынша. Мектептің әлеуметтік педагогі Ф.Абдирашидова атқарылған жұмыстары бойынша сөзге шығып, "Қамқорлық" акциясы өткізілгендігін, акция барысында 11 оқушыға мектеп әкімшілігі, мектеп демеушілері және мұғалімдер тарапынан көмек көрсетілді. Режебаева А-етік, Дехқонов Б-ақ жиде, Абдуразманов А-етік, ақ көйлек, Рахимжанов Э-куртка, етік, Мамуржанова Ш-етік, куртка, көйлек, шапка, Мамуржанов А-спорттық киім, куртка, бас киім, Мамуржанов И-джерпер, Розакулова Р-етік, Абдикасимова М-етік, Нурметов Ж-ақ жиде, Сатибалдиева Р- етік, спорттық киім, туника берілді жалпы соммасы 77,500 (жетпіс жеті мың бес жүз) теңгені құрады. Жаңа Жыл мерекесіне орай оқушыларға мектеп әкімшілігі тарапынан тәттілер таратылды, демеушілер Ш.Қадиркулов және А.Юсупов тарапынан жалпы 26 оқушыға сыйлықтарын тарту етті. Жалпы соммасы 98,500 (тоқсан сегіз мың бес жүз) теңгені құрады.

Екінші мәселе бойынша ҚР БҒМ ның білім беру процессінде электронды журнал яғни күнделік KZ толтырылуы, сабақтардың жүргізілуі және бағалау БЖБ, ТЖБ лардың нәтижелері туралы баяндамаға директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары Г.Исламов сөзге шықты. Г.Исламов күнделік KZ толтырылуы, сабақтардың жүргізілуі және бағалау барлығы мұғалім тарапынан толтырылып отырылады. Біздің №82 Б.Наметов атындағы негізгі орта мектепте жалпы -52 мұғалім күнделік KZ сайтында еркін жұмыс жасай алады. Барлық мұғалімдер өтілген сабақтарын уақытылы толтырады және күнделіктің жүргізілуі барысын 99,9-100% көлемінде алып барады. Мұғалімдерден Ч.Астанова, Р.Адахамова, Қ.Шамуратов, Б.Тойчиев, Х.Юлдашев, М.Рахманкулова, Ф.Каримбекова және т.б мұғалімдер үнемі уақытылы толтырып отырады. Оқушылардың формативті бағаларын барлық мұғалімдер уақытылы қойып отырады. БЖБ және ТЖБ кестелерін барлық мұғалімдер алдын ала жоспарлап директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары Г.Исламовқа тапсырған. Кестеге сай БЖБ алынған күні оқушылардың жұмысы тексеріліп, келесі сабаққа дейін БЖБ графасы ашылып, уақытылы қойылады. ТЖБ алынған күні

оқушыларға формативті баға қойылмайды және оқушылардың ТЖБ жұмыстары тексеріліп, модерация отырысынан кейін модерация хаттамасы толтырылып кейін күнделік КЗ ке қойылады. БЖБ, ТЖБ бағаларын журналға қою барысында барлық мұғалімдерге қойылған баллдар өзгертілмеуі ескертілген. Өзгертілген жағдайда, ол бағалар журналдың өзгертулер тарихында сақталып қалып, кез-келген уақытта тексеріліп, түсініктеме жазу керектігі ескертілген. I және II тоқсан нәтижелері алынғаннан кейін талдай келе II тоқсанда мұғалімдердің жұмыс нәтижелері жақсы жағына өзгерген. I -тоқсанда кей бір кемшіліктерге жол берген мұғалімдер II -тоқсанда қателерін қайталамаған. I –тоқсан қорытындысы бойынша мектеп бойынша оқушылардың орта баллы 3,87% көрсетсе жалпы білім сапасы 41,94%ды құрады. II-тоқсан бойынша оқушылардың орта баллы 3,9% көрсетсе, білім сапасы 41,8% көрсетті. Қорытылай келе I және II тоқсан нәтижелері қанағаттанарлы деп есептелінді.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Махмудов пен Ш.Қадиркулов сөзге шықты. Мектепке келмей жүрген оқушылар Мамуржанова Ш, Мамуржанов А және Мамуржанов И мектепалды даярлық сыныбы оқушыларының үйіне барып үй жағдайымен танысып АКТ тер түзілгендігін, түсіндіру жұмыстары жүргізгендіктерін айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша Түркістан облысы Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №82 Б.Наметов атындағы негізгі орта мектеп директоры Юсвалиев Айбек Каримжанович 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдықта атқарған жұмыстардың есебін ұсынды. Оқу жылы директордың оқу және тәрбие ісі бойынша орынбасарлары, мектеп психологы, медбике, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері бірлескен жұмыс нәтижесінде мектепте оқу -тәрбие жұмысы жолған қойылған. 2021-2022 оқу жылында оқушылар саны 376. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан балаларға "Жалпыға бірдей оқу қоры" нан мектеп формасы үшін 1,100 000 тг. 40 оқушыға, оқу құралдарына 440,000тг. 40 оқушыға, ыстық тамаққа күнделікті 50 оқушыға әр балаға 331 тг ден қарастырылған. Мектепте оқу-тәрбие процесі аптасына 6 күндік режимде II ауысымда ұйымдастырылған. I ауысым 8:30 дан 13:30 дейін, II ауысым 14:00 ден 19:00 ге дейін. Биылғы оқу жылында 52 мұғалім жұмыс атқарады. Педагогтарға төленетін жалпы қаржы жергілікті бюджеттен 9 млн. 937 мың 108 тг, республикалық бюджеттен 4 млн 106 мың 710 тг. 24 сынып комплектіндегі сынып жетекшілігіне айына 254,828 тг Пән мұғалімдерінің дәптер тексергені үшін айына 183,275 тг . Айлық жалақы құрамындағы қосымша қаржы төлемдері 25 % тық ауылдық қосымшаға жергілікті бюджеттен 1,251858 тг, республикалық бюджеттен 616,229 тг, ерекше жұмыс жағдайы үшін 10 % тық қосымша республикалық бюджеттен айына 308,114 тг, 2 кабинет меңгерушілеріне жалпы 7078 тг, жаңартырылған білім мазмұны бойынша айына жергілікті бюджеттен 1 434 902 тг, республикалық бюджеттен айына 717,451 тг қосымша үстемақы төленеді. Мектеп қысқы жылыту маусымына бекітілген жоспарға сәйкес дайындық көрген. мектепте жылу температурасы қазіргі таңда 20-25 градус төңірегінде сақталады. Жылыту үшін жұмсалатын энергия шығындары көлеміне қарай ай сайын орталықтандырылған есеп бөлімінен төленеді. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына биылғы жылы 53,648 тг. тек қана бояу сырлау жұмыстары үшін жұмсалды. Шаруашылық және канцеляриялық заттарға қаралған қаржы 168,830,27

г. Биылғы оқу жылына спорт инвентарь сатып алуға және тағыда басқа жұмыстармен қызмет көрсетуге қаржы қарастырылмаған. Мектеп директоры А.Юсвалиевтің баяндамасы қанағатты деп бағаланды.

Қаулы:

1. "Қамқорлық" акциясының өту барысы қанағатты деп есептелсін.
2. Білім беру процесінде электронды журнал толтырылуы, сабақтардың жүргізілуі және бағалау, БЖБ, ТЖБ лардың нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарға сәйкес жұмыс қолға алынсын.
3. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен байланыста жұмыс істеу дер кезінде жүргізілсін байланысуға көмектесу.
4. Мектеп директоры А.Юсвалиевтың "Қамқоршылық кеңес " алдындағы есебі қанағатты деп бағалансын.

Мектеп директоры

А.Юсвалиев

Қамқоршылық кеңес
төрағасы

Х.Парпиев

Әлеуметтік педагог
Ата-аналар комитетінің
төрағасы

Ф.Абдирашидова

Қамқоршы кеңестің
төраға орынбасары

А.Тойчиев

М.Аликулова